



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

тәрбие бар екендігін көрсетеді. Жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті болып отыр. Яғни жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұранысына ғана емес, әрбір жас ұрпақтың дара тұлғалық дамуына педогогтар жауапты.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, құндылығын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғылымдарының мол жетістіктерін пайдалану арқылы асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көздерін ашуда.

Қорытындылай келе, қазіргі жастарды тәрбиелеудің жолы келесі ұрпаққа үлгі. Өз басымыздың азаматтық жауапкершілігін, патриоттық сезімін, ұлттық руханиятын, қоғамдық белсенділігі мен төзімділігін тезге салмайынша зайырлы, мәдениетті, өркениетті қоғам орната алмайтынымыз хақ. Сондықтан ар мен намыс, жан мен тән, тіл мен дін тазалығын сақтау үшін күресу қажет. Ұлттық қырағылықты ұлықтау тәуелсіздігіміздің кепілі.

Мемлекет басшысы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында айтқандай «Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді», «Қазақстанды кейінгі ұрпақ үшін бұдан да өсіп-өркендеген елге айналдырамыз!» [5].

Жастарға тәрбие беруде ата – бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі, ата – бабамыздан қалған ұлттық тәрбиеміз қазіргі өмірімізге лайық деп танымыз. Өйткені, ұлттық тәрбие – кемел келешектің кепілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 1998. – 37 бет.
2. Сұлтанова А. Жас ұрпақтың бойына патриоттық тәрбиені қалыптастыру маңыздылығы. А:10 ақпан 2017.
3. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы 2000-384 бет.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Астана 31 қаңтар 2017

УДК 37.04:612

ӨЗІН-ӨЗІ ТӨМЕН БАҒАЛАЙТЫН ЖАС ӨСПІРІМДЕРГЕ АРТ-ТЕРАПИЯ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ

Жүнісханова Қуаныш Жанатқызы

zhunuskanova@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Жұмабекова Ф.Н.

Жаңа ғасырдың басында болып жатқан түрлі әлеуметтік үрдістер отандық педагогикадағы келешек ұрпақтың тәрбиесі мен білімі, сонымен қатар, өнер арқылы тәрбие саласында өзінің алдында көптеген міндеттер қояды. Білім беру жүйесінде өнер – эстетикалық даму мен мектеп оқушыларының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Өмірді қабылдау мен түсіну және түйсінудің негізгі бастауы болғандықтан, тұлғаның іргелі дамуы

үрдісіндегі эстетикалық тәрбиенің мәні зор. Қазіргі кезде өнерді тек тұлғаның дамуы мен қалыптасуының факторлары деп қана емес, балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығының агрессивтілігінің, өзін-өзі төмен бағалауының алдын алу деп қарастыру маңыздылығы туындап отыр. Әлеуметтік педагог жұмысы тұлғаға, отбасына көмек көрсетуге, белгілі бір маңызды мәселені шешудегі әлеуметтік топқа көмек көрсетуге бағытталған. Өз жұмыс аясында туындайтын мәселелердің сан-алуан түрлілігі, соған байланысты сан-алуан әдістер мен жұмыс тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Сол әдістердің бірі бұл арт-терапия – өнер арқылы жүргізілетін терапия. Бүгінгі таңда өнер арқылы адамның ағзасы мен психикасына оң әсерін тигізетін әдістерге жұртшылықтың қызығушылығы артып келеді.

Арт-терапия адамның, әсіресе көркем-шығармашылықпен айналысушы жасөспірімнің психикасын үйлестіруші және дамытушы құрал ретінде қолданылады. Бұл көркемдік тәсілдерді және шығармашылықты пайдаланатын, сезімдердің, көңіл-күй мен эмоциялардың табиғи пайда болуына назар аударатын, адамның ішкі денсаулық пен күш шамасына негізделген психологиялық түзетудің жаңа әдісі. Философия саласында Ф.Аквинский, А.Г. Баумгортен, Л.Да Винчи, Г.В.Лейбниц, Платон, Ж.Ж.Руссо Б.Болл т.б. ғалымдар өнерге, шығармашылыққа қатысты зерттеулер жүргізген. Т.С.Комарова, Л.Д.Лебедева, Т.А.Добровольская сияқты мамандар – баланың бейімделушілік қабілетін жоғарылатудағы арт-терапияның рөлін айтып өткен. [1] Сондықтан, арт-терапияның өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдермен жүргізілетін түзету жұмыстарындағы мүмкіндігі өте зор.

Өзін-өзі бағалау – тұлғаның өзін-өзі, өзінің мүмкіндіктерін, қабілеттіліктері мен жетістіктерін, кемшіліктерін, басқа адамдар арасындағы орынын бағалауы. Сонымен қатар бұл өзінің жақсы құзыретті, сыйлауға тұрарлық болу дәрежесін сезінуі. Өзін-өзі бағалау – мінез-құлыққа, жұмыс қызметіне және тұлғаның дамуына оның басқа адамдармен қатынасына әсер ете отырып, реттеушілік және қорғаушылық қызмет атқарады.

Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы қоғамда өз тіреуін, орынын, мотивациясын таппағанда, өзіне қарағанда басқаларды жоғары бағалағанда – сыйлауды қажетсіну – сияқты іргелік қажеттілік болмаған жағдайларда тұлға өзіндік ыңғайсыздықты қатты сезінеді. Тұлға үнемі ыңғайсыздық үстінде бола алмайтыны белгілі, ал жасөспірім мұндай жағдаяттардың шешімін таба алмайды. Жасөспірім өзін-өзі бағалауы үшін қоғамдық ортадағы тіректі табуы керек. Өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдер әлеуметтік тұрғыдан өздеріне сенімсіз болғандықтан, олар жаңа қарым-қатынас құруға немесе қолда бар қарым-қатынастарды нығайтуға бейім емес.

Қазіргі адам үшін арт-терапия әдісінің тартымдылығы – негізінен өзін-өзі көрсетудің, қарым-қатынастың вербальды емес әдісін пайдалануда. Шығармашылық үрдісте ми қыртысының оң жақ бөлігі белсенді жұмыс жасайды. Заманауи өркениет болса, вербальды қарым-қатынас және сол жақ «логикалық» ми бөлігі іске қосылады.[2] Адамның қалыпты, үйлесімді дамуы үшін, екі жақ ми бөлігі бірдей тең қалыпта жұмыс жасағаны жөн. Сонымен қатар, адам белсенділігі шығармашылық, интуиция, мәдени білім, отбасын ұйымдастыру, бала тәрбиесі және махаббат сияқты сезімдері – осы оң жақ ми қыртысында жүзеге асырылады. Арт-терапия адамның шығармашылық мүмкіндіктерімен тығыз байланысты, оның ішкі дүниесімен ұштасып жатады. [3]

Арт-терапия балаға өзінің сезімдерін табиғи материалдарды пайдалану арқылы сурет салып, жабыстырып, құрастыруды ұсынады. Арт-терапия арқылы негізінде, келесідей мақсаттарға қолжеткіземіз:

- өзін уайымдатқан мәселелер сезімдердің көрініс беруі;
- дүниемен қарым-қатынастың жаңа формаларын белсенді түрде іздестіру;
- өзінің жеке даралығының(дербестігінің), қайталанбастығының, маңыздылығының дәлелденуі;
- күнделікті өзгермелі өмірге бейімделушіліктің, өзін-өзі бағалау деңгейінің жоғарылауы.

Зерттеу жүргізу барысындағы түзетушілік-дамытушылық жұмыстардың мақсаты – жасөспірімнің өзін төмен бағалауына арт-терапия әдісі арқылы түзету жұмысын жүргізу. Бұл арқылы келесідей негізгі міндеттер алға қойылды:

- өзін-өзі төмен бағалаудағы жағымсыз сезімдерді жеңуге көмек көрсету;
- мазасыздануды, эмоционалдық абыржуды азайту, басқа адамның эмоционалдық жай-күйін түсіну және өзінің күйін көрсете білу қабілетін дамыту;
- өзін-өзі адекватты бағалауды қалыптастыруға әсер ететін факторларды табуға көмектесу;
- өзін-өзі бағалауды қалыптастырудағы жасөспірімге арналған жағдай жасау. [4]

Ендігі кезекте өзін-өзі бағалау деңгейлерінің критерийлеріне тоқталайық:

Өзін-өзі жоғары бағалау деңгейі. Жасөспірімдер өз-өзіне сенімді, өзін-өзі бағалау деңгейі жеткілікті, өзін-өзі жоғары сатыға қоя алады, қарым-қатынаста белсенді, іс-әрекет барысында тапсырмаларды тез, жылдам әрі сапалы орындай алады.

Өзін-өзі орташа бағалау деңгейі. Жасөспірімдердің өз-өзіне сенімділігі орташа, өзін-өзі бағалау деңгейі бірқалыпты, өзін-өзі сатыға орналастыруда ойланып әрекет жасайды, қарым-қатынаста бірқалыпты. Іс-әрекет барысында тапсырмаларды орындай алады, бірақ үлкендердің көмегін қажет етеді.

Өзін-өзі төмен бағалау деңгейі. Жасөспірімдер өз-өзіне сенімсіз, өзін-өзі бағалау деңгейлері төмен, өзін-өзі сатыға орналастырғанда көп ойланады, төменгі сатыларды таңдайды. Қарым-қатынаста белсенді емес, іс-әрекет барысында қиындықтарға жолығады.

Осы деңгейлерді ескере келе эксперимент барысындағы тәжірибелік жұмыстар Астана қаласы №48 мектеп лицейінің 8 сынып оқушыларымен жүргізілді.

Анықтаушы эксперименттің мақсаты: экспериментке дейінгі кезеңдегі оқушы-жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейлерін анықтау.

Анықтау кезеңінің барысында 8 сынып оқушыларына бақылау жүргізілді. Бақылау әдісі арқылы жалпы сыныптың психологиялық көңіл-күйіне, қарым-қатынас мәдениетіне, өзара байланыстарына, бір-бірімен араласу қабілеттеріне бақылау жасалынды. Бақылау барысында өз-өзіне сенімсіз түрде әрекет ететін жасөспірімдерді анықтап, солардың іс-әрекеттеріне, сыныппен байланыс деңгейіне назар аударылды. Сонымен қатар, анықтау экспериментінің мақсатына жету үшін жасөспірімдермен жекелей әңгімелестік. Әңгімелесу барысында бірнеше қарапайым өмірге қатысты ашық сұрақтар қою арқылы, байқағанымыз, жасөспірімдердің өздігінен толық ашыла алмағандығы, сұрақтарға жауап бере алмағандықтары болды. Сыныптағы жасөспірімдерінің еркін ашыла алмай, өз-өздеріне сенімсіз екендіктерін көрсетуі, олардың дұрыс қарым-қатынасқа түсе алмауы, өзін-өзі бағалау деңгейлері нормадан төмен екендігі анықталды. Жасөспірімдердің өзін-өзі нақты қай деңгейде бағалайтындықтарын, қай деңгейге жататындықтарын анықтау үшін өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған «Саты» әдісі жүргізілді.

«Саты» әдісі бойынша әрбір оқушының алдына қиынды кескіндеме ретінде 7 сатыдан құралған баспалдақтың және оған қоятын адамның суреті берілді. Жасөспірімдерге түсіндірме айтылып, 2 минут ішінде сол баспалдақтың қалаған сатысына өздерін орналастырып, 3 минут не себепті бұл сатыны таңдағандарын ойланып, ой қорыту керектігі түсіндірілді.


Анықтаушы экспериментінің берген қорытындыларын саралай келе эксперимент тобы жасөспірімдерінің алтауы өзін-өзі жоғары, жетеуі өзін-өзі төмен және де қалған он алты оқушының өзін-өзі орташа деңгейде бағалайтындықтарына көз жеткіздік. (Кесте 1)

Кесте 1 – Анықтаушы экспериментінің нәтижелері (ЭТ – эксперименттік топ, БТ – бақылау тобы)

ЭТ, БТ зерттелушілер саны	Өзін-өзі бағалау деңгейі		
	Жоғары	Орташа	Төмен

ЭТ – 29	6 (20,7%)	16 (55%)	7 (24,3%)
БТ – 27	5 (18,5 %)	14 (51,8%)	8 (29,7%)

Диаграмма 1 – өзін-өзі бағалау деңгейінің гистограммалық көрсеткіштері.



Өз-өзіне сенімсіздік, өзін-өзі бағалау деңгейінің төмендігі, қарым-қатынастағы енжарлық, іс-әрекет барысындағы қиындықтар сынды аталған олқылықтардың орнын толтырып, жетілдіру мақсатында келесі кезекте қалыптастырушы эксперимент жүргізілді.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты: жасөспірімдердегі өзін-өзі бағалаудың төменгі деңгейлерін жетілдіру, ортадағы сенімділікті орнату, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Қалыптастырушы эксперименттің мақсатын жүзеге асыру үшін арт-терапияның әдіс-тәсілдерін пайдаландық. Өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылатуға арналған бірнеше арт-терапия әдістерін ұсындық.

Өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыс барысында пайдаланылатын арт-терапия түрлері.

Изотерапия. Өз-өзінің суретін салу. Бұл жаттығудың міндеті – сөздерді қолданбай, өзін-өзі топтың алдында таныстыру болып табылады. Изотерапия барысында жасөспірімдерге алдын-алы жаттығу барысы түсіндіріліп берілді. Бүләдіс алдыға келген жасөспірімнің өмір салтының кескіні, оның құндылықтары мен қызығушылықтары, жасөспірімнің өмірді қабылдауы, оны айқындайтын теңеу болуы мүмкін. Жасөспірімдер кезекпен шығып сынып алдында өздерін сөзсіз таныстыруға тырысты.

Музыка терапиясы. Жасөспірімдерге көздерін жұмып тұрып, қойылған музыканың әуеніне қарай қағазға сызулар жүргізу ұсынылады. Музыканы таңдаған кезде тыныштандырып, дем алдыратын орынды әуен таңдалынды, себебі жанры қатты рок, панк немесе поп стиліндегі әуендер жасөспірімдердің ойларын бөліп, кері әсерін тигізеді. Сынып оқушылары көздерін жұмып отырып әуенмен бірлесе қолдарын қимылдатып сызулар жүргізіп отырды, өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдер бұл жаттығуға белсенділікпен қатысып отырды, тіпті өте жылдам қимыл үстіндегі оқушылар да тыныш әуенді музыкамен бірге дем алып, жаттығу барысына жақсы қатысып отырды.


Тәжірибелік зерттеу бөлімінің болжамын дәлелдеу мақсатында, жоғарыда көрсетілген арттерапия түрлері мен өзін-өзі бағалауды жоғарылатуға арналған тренингтер кешенін жасөспірімдер арасында сыныпта жүргізгеннен кейін, қорытынды кезеңде өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған «Саты» әдісі қайта жүргізілді.

Эксперименттегі қорытынды кезең мақсаты: жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейлерінің, ортадағы сенімділіктерінің, қарым-қатынас мәдениетінің экспериментке дейінгі және қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерін салыстырып, талдау жасау.

Кесте 2 – қорытынды эксперименттің нәтижелері (ЭТ – эксперименттік топ, БТ – бақылау тобы)

Өзін-өзі бағалау деңгейі	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Жоғары	6 (20,7%)	5 (18,5%)	9 (31%)	5 (18,5%)
Орташа	16 (55%)	14 (51,8%)	17 (58,6%)	15 (55%)
Төмен	7 (24,3%)	8 (29,7%)	3 (10,4%)	7 (26,5%)

Диаграмма 2 – жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейлері көрсеткіштерінің қорытынды кезеңдегі нәтижелері.



Бұл қорытынды диаграммадан, әлеуметтік педагог арт-терапия әдісін өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдермен жұмыс барысында қолданудың тиімді екендігін көрсетеді. Сыныптағы өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдердің саны 7 – ден 3 –ке, яғни, 13,9%-ға төмендеген. Өзін-өзі орташа деңгейде бағалайтын оқушылар саны 16-дан 17-ге, яғни 3,6%-ға жоғарылап, өзін-өзі жоғары бағалайтын оқушылар саны 6-дан, 9-ға, 10,3%-ға жоғарылады. Яғни, жалпы сыныптың өзін-өзі бағалау деңгейінің жоғарылағандығын байқауға болады.

Ғылыми зерттеудің тәжірибелік бөлімінде, өзін-өзі төмен бағалаудың жасөспірімдерге әсері жайлы тоқталып, оны жою жолдарын қарастырып, соған байланысты бірнеше жаттығулар мен тренингтерді жүргізу нұсқауы ұсынылды. Өзін-өзі төмен бағалаушылықты болдырмауға ықпал жасау қажеттігін анықтадық. Арт-терапия әдісін жүргізгенге дейін және арт-терапия әдісін жүргізгеннен кейінгі жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейлері анықталды, диаграммаға салынып, қорытынды анализ жасалынды, соның нәтижесінде әлеуметтік педагог жұмысында өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдермен арт-терапия әдісін жүргізу тиімді, әрі оқу үрдісіндегі жасөспірімдердің ашық сөйлеп, өз ойларын еркін білдіре алуларына алғышарт болатындығы айқындалды.

Сонымен, ғылыми зерттеу жұмысының тәжірибелік зерттеу нәтижелері, өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыстағы арт-терапия әдісін қолданудың қаншалықты тиімді екендігін көрсетеді. Дегенменде, бұл өте ауқымды мәселе болып табылады. Біз бұл мәселені тек бір қырынан ғана алып қарастырып өттік, ал, арт-терапияның қолданылу мақсаты мен аясы ауқымды болғандықтан, оның өзіндік ерекшеліктеріне байланысты басқа да зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Добровольская, Т.А. Артпедагогика и арт-терапия в специальном образовании/ Т. А. Добровольская. М.: Издательский центр «Академия», 2001.– 246 с.
2. Ялом И. Групповая психотерапия. – СПб.: Питер, 2000
3. Аметова, Л. А. Формирование арт-терапевтической культуры школьников «Сам себе арт-терапевт»/ Л.А. Аметова. М.: Московский государственный открытый педагогический университет, 2003. – 36 с.
4. Арт-терапия. Артметоды как психологический инструмент исследования и развития личности. Психологическая газета. N 6. 1997. Статья 7.

ӘОЖ 378.05.23

ҚАЗАҚСТАНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Зарипова Ирисай Гафуржановна

«5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының IV курс студенті,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Жумадилова А.Н.

Кілт сөздер: мүмкіншілігі шектеулі балалар, инклюзивті білім, ерекше оқытуды қажет ететін балалар, инклюзияның қазақстандық үлгісі, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық базасы

Мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамдық құбылыстардың аясындағы білім беру ең бір көп қырлы мәселелердің бірі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді зерттеу инклюзивтік білім беру аясының туындауына, қалыптасуына және жетілуіне дайындықты қалыптастыру жолын ретроспективтік-тарихи талдаудың қажеттілігін білдіреді.

Бүгінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады [1, 16].

Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі жеке тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі. Әлеуметтену – қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін қажет, адам баласымен әлеуметтік тәжірибенің меңгерілуі мен жаңғыртылуы. Әлеуметтендірілуге индивидтің жеке тұлға болып қалыптасып, білім, норма, бағалы құндылықтарды меңгеру құралы болып табылатын, түрлі әлеуметтік-феноменологиялық процесстер енеді. Баланың туылғанынан бастап, оның әлеуметтенген әлемге енуі оның әлеуметтенуін, әлемді түрлендіруші ретінде емес, керісінше, сол түрленуші ортаның дамытушысы болып табылатынын білдіреді. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі қазіргі таңда инклюзивті білім педагогикасының негізінде қолдау тауып отыр.

Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері